

- 7 Gumilyov L.N. *Ancient Turkic peoples*, Moscow: Nauka, 1967, p. 464.
- 8 Baskakov N.A. *Antroponimika*, Moscow, 1970.
- 9 Ualikhanov Sh. *Favourites. 2 prod*, Almaty, 1985, p. 119.
- 10 Baytursynov A. *Theory of Language*, Almaty: Ana tili, 1992, p. 277.
- 11 Zhubanov K. *Researches on the Kazakh language*, Almaty: Gylym, 1999, p. 409.
- 12 Musabayev G. *From history of the Kazakh language and grammar*, 1 p., Almaty, 1966, p. 92.
- 13 Zhanyzakov T. *History of the Kazakh names: Linguistic and historical and ethnographic analysis*, Almaty: Gylym, 1971, p. 75.
- 14 Musabayeva M.D. *Etnolingvističeskaya the characteristic the antroponimicheskih «nominative» in the Kazakh language*. Cand. phil. sci. ... avtoref., Almaty, 1996, p. 27.
- 15 Mukanov S. *Kazakh society: Historical and ethnographic analysis*, Almaty: Ana tili, 1995, 304 p.
- 16 Zhanuzakov T., Esbayeva K. *Secrets of names*, Almaty, 1974, p. 11.
- 17 Beyiskulov T. *Beyimbet's 71 pseudonyms // Egemen Kazakhstan*, 2003, February, 26, 45–48.
- 18 *Dictionary of the Kazakh language / Originators: T.Zhanuzak*, Almaty: Dayk-Press, 1999, p. 443.
- 19 *Explanatory dictionary of the Kazakh language, 7-t.*, Almaty: Gylym, 1983, p. 48, 49.
- 20 Baymenshe S. Zerde, 2003, 3.

ӘОЖ 81. 42:811.512.122.

А.З.Қазанбаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: k\_ainagul@mail.ru)

### Төлеген Айбергенов лирикасы тілінің көркемдігі

Мақалада Т.Айбергенов лирикасы тілінің лингвистикалық табиғаты қарастырылған. Ақын лирикасындағы сөзқолданыстар бейнелігімен, айшықты мәнерлігімен айқындалып, әрбір ұлт тілінің көрінісі болып табылатындығы айтылған. Олардың лексика-семантикалық мәні, стильдік қызметі, мәтін ішіндегі қолданысы берілген. Т.Айбергенов ешкімге ұқсамайтын сөз өрнектерімен ерекшеленіп, образды сөзқолданыстар ақын лирикасының көркемдігін, шынайылығын, мағыналылығын, ерекшелігін көрсететіні лингвистикалық талдау негізінде берілген. Т.Айбергенов өзінің лирикасының тілі арқылы қазақ поэзиясында қолтаңбасын қалдырған ақын екендігі айқындалған.

*Кілт сөздер:* сөз құдіреті, ұлттық сипат, бейнелі-көркем сөздер, стильдік қызметі, лингвостилистика, шеберлік, поэтикалық тіл, тілдік құралдар, эстетикалық деңгей, сурет-образ, контекст, поэзия, метафоралық қолданыс, семантикалық мән-мағына, экспрессивтік бояу.

Кез келген халықтың сарқылмас мәдени мұрасын танытатын ұлттық тілі екені белгілі. Өйткені «Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгі болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтала-молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі дегеніміз — сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі»,— деп академик жазушы, ұлт тілінің тазалығын ойлаған сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің осылай шегелеп айтуының қазірге дейін құндылығы жоғары екенін, қанша уақыт өтсе де көкейкестілігін айқын көреміз [1].

Сондықтан ана тіліміздің қадір-қасиетін биікке көтеріп, қастерлей отырып, оның жетілу, даму, толығу, баю процесін жан-жақты зерттеп, жас ұрпақ санасына жеткізу бүгінгі өмір талаптарының бірі десек те болады. Оқырманын ойлантып, санасын сәулелендіретін көркем әдебиет тілінің орны айрықша екені сөзсіз. Эстетикалық деңгейі жоғары, айтар идеясы айқын, мазмұны терең көркем шығарма оқырманға сөз құдіреті арқылы жетеді. Сөз құдіреті арқылы суреткер тілінің әсемдігі, көркемдігі, тілдік құралдар мен тәсілдерді орнымен жұмсап, сөз қазынасын молынан пайдаланып, сөздерді қиыстырудағы ұтқырлығы, шеберлігі, даралығы, өзіндік жаңалығы танылады.

Тілшілер көркем шығарманың тілін лингвостилистикалық тұрғыдан талдай отыра, ондағы тілдік тәсілдер жүйесін қарастырса, ал әдебиетшілер көркем шығарманың тілін зерттеуде «... оның идеялық мазмұнын, сюжеттік тұтастығын, жеке образдар мен характерлердің жасалу заңдылықтарын, осылармен байланысты жазушының кейбір өзіндік шеберлігін талдаумен шектеледі» [2].

«Поэзияға келсек, мұндағы лингвостилистикалық ізденістер мүлде ерекше болмақ. Ең алдымен, поэзияның өзі «тұнып тұрған» образдылық (бейнелілік) болса, сол образдылықты жасайтын құралдар мен тәсілдерді зерттеу міндеті тұрады. Лингвистикалық стилистика көркем сөздің ерекшеліктерін зерттейтін болғандықтан, оған ырғақ, эвфония, поэтикалық синтаксис, сөз арқылы берілетін бейне /словесный образ/ сияқты тарамдарды қамтитын лингвистикалық поэтика кіреді. Поэзия тілін лингвистика тұрғысынан зерттегенде, ең алдымен, ондағы образ жасампаздық мәселесі көзделеді. Ал образ жасампаздық тіл элементтерін жазушының өз қаламында жарата білуі арқылы пайда болады. Сөз — образдардың түрлерін, оның ұлттық бояуын тануда поэзия стилистикасының міндеті» [3], — дейді тіл жанашыры, көрнекті ғалым Р.Сыздықова. Жоғарыда айтылған пікірге сүйене отырып, поэзия тілін зерттеудің өзіндік ерекшелігі және қиындығы бар екендігін айтып кетуімізге болады. Поэзиялық туындыларда сөз өзінің тура мағынасынан гөрі, астарлы мағынада қолданылып, сөз-бейнелер көбінде контексте ашылып, тұтас бір сурет жасап тұрады. Өлең тілінің кереметтілігі сонда, ондағы образдардың тілдік элементтермен сомдалып оқырманға жетуі, жетіп қана қоймай оны ойландыруы, көңілінде түрлі ассоциациялар туғызуы, оның жан-дүниесін жадыратып, сезімін селт еткізіп, рухани деңгейін көтеріп биіктетеді.

Қазақ поэзиясының көгінен өз орынын тапқан озық ойлы таланттарымыз көп. Олар өлең өлкесінде өздерінің шығармашылық бай лабораториясын жасап, шеберліктерін танытып қазақ жыр-қазынасының таусылмас байлығын жасап кетті.

Жетпісінші жылдар поэзиясына зер салатын болсақ, таланттарымыздың санаулысының бірі де бірегейі, лирикалық жырлардың жыршысы болған, тылсым табиғат тілін түсініп қана қоймай, оны шынайы сөйлеткен, саналы ғұмырын жыр-құдіретке арнаған Төлеген Айбергенов болатын. Ақын өзінің «Ақындық» деген өлеңде поэзияның оңайлықпен тумайтындығын, оның жолы ауыр болатындығын, талант, шеберлік, жауапкершілік, ақындық интуиция бәрі өлеңге, құдіретті сөз өнеріне қызмет ететінін айтады.

*Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым,  
Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның.  
Көкірегіңе құйып ап әлемнің асқақ бар әнін,  
Қосудың арналысы бұл тоғыспас жолдар торабын.  
Нахақтан күйіп баратса нұрлы күн үшін бір тұтқын,  
Кес-кестеп барып кеудеңді оғына тосу мылтықтың.  
Қалдырмау үшін ұятқа күнәсіз мынау дүниені,  
Жамау қып басу өзіңді аузына барлық жыртықтың.*

Қазақ поэзиясында өзінің поэтикалық шеберлігімен, қуатты лирикасымен, жалпыхалықтық лексиканы ұтымды қолданған, сөз ойнатудағы ерекшелігімен айрықша танылған ақындарымыздың бірі — Төлеген Айбергенов еді. Әрбір суреткердің шығармашылығын танытудағы негізгі сүйенері — тілі. Эстетикалық деңгейі жоғары, айтар идеясы айқын, мазмұны терең көркем шығарма оқырманға сөз құдіреті арқылы жетеді. Сөз құдіреті арқылы суреткер тілінің әсемдігі, көркемдігі, тілдік құралдар мен тәсілдерді орнымен жұмсап, сөз қазынасын молынан пайдаланып, сөздерді қиыстырудағы ұтқырлығы, шеберлігі, даралығы, өзіндік сөз саптауы танылады.

Қазақтың талантты ақындарының бірі — Төлеген Айбергенов өлең өлкесінде поэтикалық тілге бай да құнарлы, образды лирикасымен ерекшеленеді. Ақын өлеңдері көркемдік-эстетикалық жағынан өте жоғары және сөз қолданудағы өзіндік стилі анық байқалады. Ақын өлеңдерінде семантикалық мән-мағынасы мен стильдік бояуы айқын, бір-бірімен үндесе айтылатын әрі бірін-бірі нақтылап, толықтыра түсетін сөзқолданыстардың тобын жинақтап, жүйелеп келтіреді. Белгілі ғалым Р.Ф.Сыздық: «Поэтикалық тіл әрдайым метафора, эпитет, теңеу сияқты көріктеу құралдарының санымен, тіпті сапасымен танылмайды, суреткердің өз міндетіне алған эстетикалық талаптарына сәйкес болмысты тіл арқылы әсерлі де бейнелі түрде көрсете білуінен танылады», — деп айтуы орынды деп білеміз [4; 8]. Өйткені поэзия тұтастай образды сөздер тізбегінен тұрмайды, ешбір экспрессивтік бояуы жоқ сөздермен, сөз тіркестерімен берілуі де мүмкін. Т.Айбергенов поэзиясында жалпыхалықтық лексика ұтымды қолданылып, көркем де шебер беріліп, оқырман сезіміне ерекше әсер ететінін өлеңдеріне лингвистикалық талдау жасау барысында байқаймыз.

Төлеген Айбергенов — табиғаттың тілін терең түсініп, сөзден сурет салып, образды сөз өрнектерін қолдана білген ақын. Табиғаттың тылсым құпия сырларын суреттеуде тілдік элементтерді ұтқыр қолданып, сөз оралымдарын еркін ойнатып жұмсайды. Табиғат ақын лирикасында адаммен байланыстырылып жанды бейне, динамика ретінде алынады, атап айтар болсақ, *тау, өзен, көл, тас, бұлт, жұлдыз, ай, күн, аспан, жер, жаңбыр, нөсер, жел, жапырақ, гүл, аяз, қар* — заттық ұғымның атауларын бір-бірімен байланыстырып тұтастай гармония жасайды. Табиғаттың құпиясын жырлауда ақын ұлы Абай дәстүрінің жалғастығын танытады, бірақ өзіндік түйсігімен, түсінуімен, қабылдауымен, талғампаздығымен тереңдетіп береді және сөз-образдарды шебер қолдана біледі. Оның табиғат туралы қай өлеңін оқысақ та, жанды бейне көз алдымызда сөз кестелер арқылы өріліп сурет-образ болып тұрып қалады. Осы сурет-образдар ақын суреттеуінде жалпы халыққа түсінікті тілдік элементтер арқылы түзілген. Ақын сөзқолданыстарды ұтымды қолданып, сөз арқылы образ жасайды. Ойымыз дәлелді болу ақын үшін өлеңдеріне токталайық:

*Ұқсаған көктегі ай асқан шамға —  
Аспанға бейне шоқтан басқан таңба.  
Жұлдыздар жез шегедей жымыңдаған  
Шашылған ақ шекердей дастарқанға.  
Көк әуе — көзі қыздың москвалық,  
Бұлт жатыр биік таудан жастық алып.  
Қаңтардың қалшылдаған қатты аязы  
Барады тәнді үсітіп, тасты қарып.  
Суықтан дала жатыр тұмауратқан,  
Мұртына теректердің қырау қатқан.  
Айналып қуғыншы жел жүгіріп жүр  
Әуілдеп үрген иттей құр аулақтан.  
Аяздан алма жүзі арайланып,  
Жүр әне, күзетші шал қора айналып.  
Дәл қазір нені ойлап тұр екен ол,  
Телміріп бір нүктеге қарай қалып...*

Жалпыхалықтық лексиканы қолдана отырып, сөзден бояуы қалың картина жасап, табиғаттың тірі көрінісін көз алдымызға алып келеді. Образды сөзқолданыстарды қолданбай-ақ қарапайым лексикалық қолданыстарды барынша шынайы бергенін көреміз. Тәуелсіз табиғаттың объективтік бейнесін поэзияның тіліне бағындыра отырып суреттейді. Сөзқолданыстарын орынды жұмсап әсерлі де мәнерлі етіп жеткізіп берген. Ұғымға түсінікті сөздердің рет-ретімен түзілуі өлеңнің барлық жүгін арқалап, стильдік бояуын қалыңдата түседі. Текстті түзуші тілдік элементтердің қызметі әр шумақта жалғасын тауып ой нақтыланып, айқындалып, сөздердің қолданысынан образды айқын көреміз. Әрі тексттің оқырманға жетуі, ой-санасына әсері дамытыла көрсетіледі. Өлеңдегі табиғат — қозғалысты беруінде поэтикалық тон мүлдем басқаша өрілген. Т.Айбергенов лирикасындағы ерекше көңіл аударатын тілдік қолданыс — құбылтуды өте шебер қолданады. Құбылту дегеніміз табиғат құбылыстарына немесе жалпы жансыз заттарға тірі адамның қылығын, қимыл-әрекетін теліп суреттеу екенін білеміз. Ақынның төрт-ақ жолдан тұратын төмендегі үш өлеңіне назар аударайық:

\* \* \*

*Сыңсиды жел қобызын бұрап тартып,  
Қалмады қырға біткен қияақтан түк.  
Телміріп тас төбеден ай төнеді,  
Аспанда алтын қазан сияқтанып.*

\* \* \*

*Аймалап ерке желі жан денені,  
Бозарып қылаң беріп таң келеді.  
Малынып шығар күннің шұғыласына  
Көк құрақ мың құбылып сәнденеді.*

\* \* \*

*Аяздан тұрған жан жоқ өзін біліп,  
Сақтапты тау ғана тек төзімділік.  
Шебер қыс көлді ұқсатып бір ғалымға,  
Көзіне іліп кетіпті көзілдірік.*

Төрт-ақ жол өлеңге ақын қаншама шынайылықты сыйғызып, сөзден сурет салудағы өзіндік даралығын таныта түседі. Осы жоғарыда берілген шумақтарда көзге ерекшеленіп тұрған тілдік қолданыстар болмаса да, ақын жалпыхалықтық лексиканы шебер сөйлете білген.

Жел қобызын тартып сыңсыса, аспаннан ай төніп қарап тұр. Күннің шұғыласына көк құрақ сәнденіп тұрса, шебер қыс сурет салып тұрғанын байқаймыз. Және ерке жел денеңді аймалап, көк құрақ сәнденеді, яғни адамның іс-әрекеті жансыз табиғатқа телініп, сөзден салынған сурет оқырманын бір тұңғыық ойға жетелейтіні анық. Қашанда табиғатты түсінген, сезінген, аялау керектігін білген ақынның сөз саптауындағы жинақылықты, тілдік оралымдарды ықшам да ұқыпты орнын тауып жұмсағанын байқаймыз.

Ақынның туған жерге деген махаббатын, табиғатты жанындай сүйгенін жалпыхалықтық лексиканы қолдана отырып, өте шынайы жеткізіп бергенін байқадық.

*Күн бикеш көк жиектен құлап кеткен,  
Самал жел сыбырлайды құрақты өпкен.  
Сүңгітіп тереңіне жұлдыздарды,  
Сақырлап қайнап жатыр бұлақ біткен.  
Тосшы сен құлағыңды аңдай қалып,  
Барады кең дүние әнге айналып  
Нар қамыс суылдаса жер бауырлап,  
Бақалар тамсанады таңдай қағып.*

Екі шумақтан ғана тұратын өлең мәтінінде ақын табиғат көріністерін суреттеп бере отырып, қазақ тілінің лексикалық байлығын барынша шынайы қолданып, текстегі сөзқолданыстарды әсерлендіре түседі. Сөз-образдар арқылы жанды суретті көз алдымызға алып келеді және қарапайым сөзқолданымдар негізінде табиғатты сөйлетіп, оқырманын алға жетелейді.

Тазалық, мөлдірлік, тереңдік, сұлулықтың символы — бұлақты талай ақын жырлады. Бірақ Төлеген ой мен сезімді ұштастыра отырып, образды сурет жасады. Бейнелі сөздерді қолданбай-ақ, жалпыға түсінікті тілмен ойын дәл, нақты, мәнерлеп жеткізіп берген.

Түнгі бұлақты суреттеуде грамматикалық формаларды (зат есім, сын есім, есімдік, етістік, етістік формаларын) белгілі бір стильдік қызметте жұмсайды. «Күн бикеш көк жиектен құлап кеткен» ерекшеленіп тұрған тілдік қолданыс екенін байқаймыз. Метафоралық қолданысты «күн бикеш» орнын тауып жұмсайды әрі бейнелілікті айқын көрсетіп береді. Әрі сөз ойнатудағы шеберлігін байқатады.

Ақынның «Далада» өлеңінде де табиғаттың тылсым күшін, жанды образдармен суреттеп береді. Бейне бір табиғатқа тіл біткендей күйде боласыз.

*Айна көл тұнып тұрған шарадағы,  
Қымызды көз алдыңа келтіреді.  
Ұялақ сәби талдың жағадағы,  
Етегін гулеп ойнап жел түреді.  
Ну қамыс жарыса өскен шулап күліп,  
Қайтадан түрегелді сұлап тұрып.  
Толқыны жардан құлап, аунап тұрып,  
Сұңқылдап бұлақ жатыр сыр ақтарып.  
Судырлап жатыр орман жалғастырған.  
Ауыл мен асқар таудың екі арасын,  
Қызыға тыңдап көріп тұрмын қырдан.  
Даланың тоқсан тарау операсын.*

Ақын лирикасында экспрессивтік сөздерді, лексикалық қабаттарды, морфологиялық тұлғаларды, синтаксистік қайталауларды, көркемдегіш амалдарды текст түзу үшін ғана емес, мәтіннің стильдік бояуын қалыңдата түсу үшін әрі өлеңнің көркемдік көкжиегін кеңейтіп, эстетикалық өрісін биіктету үшін қолданады. Мысалы, ақын қолданысындағы «Қара орман керек, қап-қара орман, түп орман. Көзіндей менің жарымның» деген жолдарынан орман сөзін үш рет қайталау арқылы интонацияны күшейтіп, әрі орман сөзін сын есімнің (негізгі, күшейтпелі шырай) шырай қолданысы арқылы нақтылап, оқырманының назарын аударта түседі. Осындағы «қара орман» тіркесі ауыспалы мағынада берілген және ну, қалың орман деген тіркестердің синонимі болып тұр. Ақын экспрессивті сөздерді қолдану арқылы өлең мәтінінің стильдік бояуын қалыңдата түседі. Мысалы:

*Көрсең зой, шіркін, бәрін де көзбен көрсең зой,  
Жатыр-ау менің жазира далам өлшенбей.  
Осынша сазбен ынтызар қылған аймаққа  
Бір әсем дария керек-ақ екен дәл сендей.*

Осы қолданыста «шіркін» сөзінің стильдік қызметі ерекше көрініп, мәтінге күшейту қызметін қосып тұрғанын байқаймыз. Және етістіктің өлеңнің басында, соңында екі рет қайталанып келуі де өлеңге айрықша фон бере түседі. Шылау сөздер де өлеңге динамика беріп, текстен жай хабарлау емес, нағыз қозғалыстың бар екенін байқатады, яғни жай шылау сөздердің (*жатыр-ау, керек-ақ*) грамматикалық қызметінен гөрі стильдік қызметі айқындала түскен. Ақын өлең мәтінде-ау, ақшылауларын белгілі бір мақсатпен қолданып отырған.

Экспрессивті сөздерді, образды айшықты сөз тіркестерін қолданбай-ақ, ақын төрт жолдан ғана тұратын «Пейзаж» өлеңінде табиғаттың жанды суретін, тамаша көрінісін көз алдымызға алып келеді.

*Көк шықты таудың тарғыл тасын жасырып,  
Арықтан сулар жатыр тасып ағып,  
Аямай жерге төгіп алтын нұрын  
Күн көзі күлімдейді қасын қағып.*

Сонымен қатар «Көктем әуендері» шағын ғана өлеңде көктем көрінісін аса шебер бере отырып, өлеңдегі динамика анық байқалады. Жалпыхалықтық лексика өз орнымен жұмсалып, мәтінге айрықша стильдік фон беріп тұрғанын көруімізге болады.

*Төбеде найзағай жарылып,  
Аспанға келді кеп сойқанды.  
Қыстағы қаймағы алынып,  
Өзеннің күбісі шайқалды.  
Шағала шаттана ән бастап,  
Көлге кеп үдетті қиқуды,  
Кеудесін көтерді тау да асқақ,  
Бүршігі үлбіреп гүл тұрды.*

Табиғат пен адам әрекеті бір-біріне жақындастырылып, адамның әрекеті арқылы табиғатқа жан бітіре отырып, өлеңнің эмоциялық әсерін күшейте түседі. Бұл өлең жолдарынан ешқандай да экспрессивтілік, айрықша сөзқолданыстар көрінбейді, бірақ ақын қарапайым жалпыхалықтық лексиканы қолданып өзіндік стилін байқата түседі.

Дыбыстық қайталаулар (*Күн көзі күлімдейді*) өлеңнің түріне ғана емес, мазмұнына да қатыстылығы байқалады. Өлеңнің үніне, әуеніне дыбыстық құрылымның айрықша әсерін көреміз. **К** дыбысымен келген аллитерациялық қолданыс орнымен жұмсалып, дыбыстар гармониясының да өлең тексіне әсерін және стильдік қызметі айрықшаланып тұрғанын байқаймыз. Өлеңнің көркемдігі жекеленген тілдік элементтерден тұрып, күрделі ассоциация тудырады. Т.Айбергенов лирикасын оқып отырғанымызда ерекше назар аударатынымыз, туған жер, табиғат ұғымдары оның творчествосының негізгі өзегі іспетті. Ақын лирикасынан тіл иірімдерін аса сезімталдықпен қолданғанын, сөзді таңдап, тауып жұмсау даралығын көреміз.

Тілші-ғалым Р.Ф.Сыздық: «Өлең тілін зерттеуде мақсат — шығарма мәтінде көркемдіктің әйтеуір бар екенін көрсету емес, сол көркемдіктің оқырман сезіміне қалайша әсер ететіндігін дәлелдеу. Өлеңнің көркемдігін оның поэтикалық тілі көрсетеді. Поэтикалық тіл дегеніміз сөзбен түскен әсем кестелер болса, сол кестелерді төгетін амалдардың көрінісін зерттеу лингвистикалық ізденіс үлесіне тиеді»,— ақын тілінің көркемдігін зерттеудің маңыздылығын, қажеттілігін айтады [4; 28]. Ақынның поэтикалық тілі арқылы оның көркемдік әлемі ашыла түсіп, сөзқолданымдар мәтін ішінде айрықша стильдік жүк арқалайды.

Төлеген Айбергенов лирикасының лингвистикалық табиғатын қарастырғанда назар аударатынымыз — оның халық тілінің байлығын, оның мүмкіншіліктерін қаншалықты пайдаланғанын, әдеби тіліміздің дамуына қосқан үлесін, өзіндік қолтаңбасы мен өрнегіне айрықша мән береміз. Жекелеген суреткердің жазу мәнері мен стилін өзгелерден даралап тұратын өзіндік авторлық қолданыстардың қызметі екені белгілі. Т.Айбергеновтың жалпыхалықтық қолданыстағы сөздерді қолданумен қатар жеке авторлық қолданыстарды /оказионализмдерді/ қолданғанын да байқаймыз. Ақын лирикасынан үнемі табиғатпен, өзі өмір сүріп отырған қоғаммен, өмірдегі болып жатқан сан қилы оқиғалармен тонның ішкі бауындай қабысып жатқан, оқырманын ойлантуға, сендіруге мәжбүр ететін ерекше байланысты байқаймыз. Ақын өлеңдерін оқығанда тағы бір

байқайтын ерекшелігіміз, сөзбен суреттелген өмір, тіршілік құбылыстары тұтас бір картинадай өтіп жатады. Осы тұтас картина ұтымды, оралымды, көркем әрі шебер қолданылған тіл нақышы арқылы көрініс береді. Т.Айбергенов өзінің тілін, стилдік бояуын қалыптастырған ақын деп айтуымызға әбден болады.

Шығарма тілінің көркемдігі суреткердің сөзді аз-көп қолдануында емес, әр сөздің орнын тауып көркем жұмсай білуінде. Ақын сөзді қиыстырып, тиісті жерінде ұтымды қолданып қана қоймай, ойдың түсініктілігін, айқындылығын, дәлдігін беру үшін сөз мағынасын сан жаққа құбылтып жұмсайды және жалпыхалықтық лексиканы орынды қолдана алғанын айқын көреміз.

Т.Айбергеновтың поэтикалық тілі ешкімге ұқсамайтын даралығымен ерекшеленеді, сөз құдіреті арқылы ақын көрікті, әсем, сұлу сөз-бейнелер жасап, әрбір сөзді ойнатып жұмсайды. Сөз-бейнелерінің көріктілігі, әсемдігі, сұлулығы, мағыналылығы, айқындылығы — ол қолданған айшықтау-көріктеу құралдарының негізінде жатыр. Троптың барлық түрін керекті жерінде таңдап жұмсап, қазақ лексикологиясының сөз байлығына мол үлес қосып, өзіндік сөз саптаудағы қолтаңбасын танытады. Ақын лирикалық шығармаларында мәтін ішінде контекстік антонимдер, көп мағыналы сөздер, бір-бірінен асырмалатып берілген синонимдер арқылы адам мен оның жеке басындағы сан қилы өзгерістерді, қоғамдағы алуан түрлі оқиғаларды, табиғат құбылысындағы құпияларды байланыстыра отырып ашып береді. Сонымен бірге фразеологизмдердің жаңа авторлық құрылымдарын жасап, олардың бейне жасаудағы және оны ашудағы стильдік қызметін айқындайды. Ақын лирикасындағы сөзқолданымдар, сөз-образдар стильдік құралдардың бәрі де образдылыққа /бейнелілікке/ қызмет етіп тұрғандығын әр өлеңін оқыған сайын көрініп отырады. Төлеген Айбергенов өзінің лирикасының тілі арқылы қазақ поэзиясына, қазақ тілінің лексикалық қазынасының баюына, одан әрі дамуына айтарлықтай жаңалық қосқандығы белгілі болды.

Сөз құдіретін терең сезінген, қастерлеген, тілдік оралымдарды орнымен жұмсаған, аз ғұмырында мол мұра қалдырған талантты ақын жалпыхалықтық лексиканы сөйлете білді.

*Мен күн сайын теңіз боп ақтарылам,  
Бұлбұл болып шулаймын бақтарыңнан.  
Көктем жаққа аққулар ұшырамын,  
Жазираның ақ түтек ақпанынан.  
Басқасынан ажалым жетпес менің,  
Жауыздықпен өйткені шектеспедім.  
Мен жарақат салмаған семсер едім,  
Сондықтан жарқылдаймын,  
Әйтпесе өтпес те едім,  
Өле берсін күншілдер күйігінде,  
Өз ғасырым өзімнің иінімде.  
Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,  
Мен өлемін өзімнің биігімде, —*

деп ақын өзі айтқандай, қашанда адамдықтың, ақындықтың биігінде қалады [5]. Сөзбен шындықты айта білген, сөзден сурет салған ақын еді. Жоғарыдағы өлең жолдарынан ақын рухының асқақтығын ғана байқап қоймаймыз, философиясы терең өлең екенін аңғарамыз және ақынның өзіне берген бағасы айқын көрінеді. Бұл сөзбен шындықты айта білген ақындық қабілет ғана емес, ақынның көрегендігі, өзіне жоғары талап қоя отырып, поэзияның құдіретін терең сезіне білуі еді. Сөз құдіретін терең сезініп, әрбір сөздің қолданысына жауапкершілікпен, сезімталдықпен, мәдениеттілікпен қараған талантты биік, талғамы терең ақын. Т.Айбергенов поэзия әлемінде қақтың тілге бай, сөзі құнарлы, образды сөз өрнектерін ұтымды қолданған, кең тынысты лирикасымен танылған ақындарымыздың бірі болып оқырман жүрегінде қалады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Мүсірепов Ф. Уақыт іздері // Авгейдің ат қорасынан бастайық. — Алматы: Жалын, 1977. — 353–363-б.
- 2 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томапов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1961. — 85-б.
- 3 Сыздық Р. Сөз құдіреті. — Алматы: Санат, 1997. — 179-б.
- 4 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. — Алматы: Санат, 1995.
- 5 Айбергенов Т. Аруана — бауыр дүние. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208-б.

А.З.Казанбаева

**Художественность лирики Тoleгена Айбергенова**

В статье рассмотрена лингвистическая природа лирики Т.Айбергенова. Проанализированы авторские употребления, которые отличаются своеобразной манерой выражения национального языка. Определены их лексико-семантическое значение, стилистическая функция и особенности употребления в тексте. На основе лингвистического анализа лирики Т.Айбергенова охарактеризован художественный язык акына. Автором статьи определено особое место, которое занимает акын Т.Айбергенов в казахской поэзии.

A.Z.Kazanbayeva

**Artistry of lyrics of Tolegen Aybergenov**

In article the linguistic nature of lyrics of T.Aybergenov is considered. The author's uses which differ a peculiar manner of expression of national language are analyzed. Their lexico-semantic value, stylistic function and features of the use in the text are defined. On the basis of the linguistic analysis of lyrics of T.Aybergenov characterizes art language of the akyn. The author of article defines a special place which is taken by the akyn T.Aybergenov in the Kazakh poetry.

## References

- 1 Musrepov F. *Time traces // Will begin time traces with Avgey's stable*, Almaty: Zhalyn, 1977, p. 353–363.
- 2 Balakayev M., Zhanpeisov E., Tomanov M. *Problems of the Kazakh literary language*, Almaty: Gylym, 1961, p. 85.
- 3 Syzdyk R. *Sil of the word*, Almaty: Sanat, 1997, p. 179.
- 4 Syzdykova R. *Word of Abay*, Almaty: Sanat, 1995, p. 8–28.
- 5 Aybergenov T. *Aruana — bauyr dunye*, Almaty: Atamura, 2003, p. 208.

ӘОЖ 81'

Е.Е.Түйте<sup>1</sup>, А.А.Блялова<sup>2</sup>, Л.Б.Қадырова<sup>3</sup><sup>1</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;<sup>2</sup>№ 66 жалпы білім беретін орта мектеп, Қарағанды;<sup>3</sup>Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

(E-mail: eldos\_t\_e@mail.ru)

**Тілдің шығуы туралы теориялар**

Мақалада тіл білімі ғылымы және оның қарастыратын негізгі мәселелері, адамзат баласы тілінің шығуы туралы теориялар берілген. Тіл жайында анықтамалар, оның негізгі қызметтері, ежелгі дәуірден бастап күні бүгінге дейінгі ғалымдардың тіл туралы айтқан ойлары, көзқарастары мен тұжырымдары жинақталып беріліп отыр. Дүниежүзі тілдерінің санына қатысты мәліметтер де келтірілді. Тілдер санының түрлі болуының себептері айқындалды.

*Кілт сөздер:* тіл, лингвистика, әлем тілдері, коммуникация, өлі тілдер, тірі тілдер, диалект, монолингвист, микролингвистика, металингвистика, тіл және қоғам, одағай, эмоция, ым-ишара, қоғамдық шарттасу теориясы.

Лингвистика (лат. *lingua* және гр. *tikos* — тіл туралы ілім, немесе тіл білімі) — предлингвистикадан, микролингвистикадан және металингвистикадан құралатын тіл туралы ғылым. Әлем тілдерінің құрылымын, әлеуметтік қызметін, тарихи дамуын және оның жалпы заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы. Адамзаттың сөйлеу тілі тіл білімінің негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Адамдар арасындағы өзара түсінісу құралы саналатын кез келген тіл адамзат үшін, қоғам үшін қызмет етеді. Адамзат баласы ерте заманнан-ақ өзіне ең қажетті құрал — тілдің ерекшеліктерін